

4 Записка о поездках Александра Бековича, князя Черкасского, к восточному берегу Каспийского моря и о сухопутной экспедиции его в Хиву //Москвитянин. – 1842. – № 12.

5 Контев А.В. Первый сибирский губернатор М.П. Гагарин и основание русской крепости на реке Омь // Гуманитарные исследования. Humanitates. –2016. – Том 2. – № 4. – С.140-146.

6 Пушкин А.С. История Петра I. Подготовительные тексты. 1938.

7 Посланник Петра I на Востоке. Посольство Флорио Беневени в Персию и Бухару в 1718-1725 годах. – М.: Наука, 1986. –159 с.

8 Флорио Беневени Письма, реляции, журналы. По дорогам Востока и времени [ЭР]. Режим доступа: <http://www.vostlit.info/Texts/rus5/Benevini/pred.htm>

9 Мироненко С.В. От Павла к Александру: своеобразие эпохи // Журнал Родина. – 2011. – №7.

10 Кастельская З.Д. Из истории Туркестанского края (1865-1917). – М.: Наука, 1980. –120 с.

11 Халфин Н.А. Политика России в Средней Азии (1857-1868). – М.: Восточная литература, 1960. – 272 с.

12 Широкоград А. Российские военные базы за рубежом, XVIII–XXI вв. – М., 2011.

13 Abdulla Sharopov O'zbekiston tarixi: O'quv qo'llanma. 124-125

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨПВЕКТОРЛЫ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ

Адамбек Б.К., т.ғ.к., профессор

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қарағанды қ.

1991 жылғы 8 желтоқсандағы Беловежье Пушасындағы және сол жылғы 21 желтоқсандағы Алматы Декларациясы бойынша Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылды. Осыған байланысты, Кеңес Одағы біртұтас мемлекет ретінде саяси аренадағы өзінің қызметің тоқтатты, ал оның кеңістігіндегі 15 тәуелсіз мемлекет пайда болды [1, 349 б.].

Дәл осы кезден бастап, халықаралық аренада тәуелсіз Қазақстан Республикасы пайда болып, өзінің әртүрлі саясатын жүргізе бастады.

1992 жылдың басында Қазақстанды 108 шет мемлекеті таныды, 70 шет мемлекетпен дипломатиялық қатынас орнатылды, Алматыда 21 шетелдік елшілік ашылды [2, 330 б.]. Осы кезден бастап, 1992 ж. БҰҰ мүшесі болған тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясаттағы басты бағыттары айқындала бастады. Қазақстанның дипломатиялық миссиялары: Вашингтонда, Мәскеуде, Пекинде, Анкарада, Парижде, Лондонда және басқа да шетелдік астаналарында жұмыс істей бастады, Қазақстанның сыртқы істер министрлігінің қатысуымен принциптік сипаттағы көп жақты және екі жақты құжаттар, сондай-ақ ағымдағы проблемалар бойынша келісімдер, мазмұндамалар мен меморандумдар жасалды.

Дүниежүзілік Қауымдастықта өзіне ылайықты орнын алу үшін, жас Қазақстан мемлекеті осы кезден бастап көпвекторлы саясат жүргізуге бет алды. ТМД елдерінің арасында әлі ықпалы мықты Ресеймен қатар, Қазақстан, АҚШ, Қытай, Еуроодақ мемлекеттерімен көп жақты қарым-қатынас арқылы өзінің сыртқы саясаттағы мақсаттарын іске асыру жолына түсті.

Қазақстанның көпвекторлық сыртқы саясатының ең маңыздысы, ТМД мемлекеттерімен саяси-экономикалық қарым-қатынастарды ұйымдастыру және дамыту болды. 90-шы жылдарда бірнеше ТМД басшыларының кездесулері болып, оларда біріккен мәлімдемелер қабылданып, онда «ТМД-ға мүше елдер арасында бір-біріне күш көрсету арқылы қоқан лоққы жасамау жөнінде және осы елдер арасында пайда болған талас-тартыс мәселелерін бейбіт келіссөз арқылы реттеу жөнінде» келісімдерге келді [3, 276 б.]. 1993 жылы ТМД елдерінің Уставы қабылданды, Қазақстан қол қойған бұл Устав халықаралық дәрежелерге сәйкес құрылды, осыдан кейін ТМД елдерінің саяси-экономикалық қатынастары осы Устав негізінде әлі күнге дейін жүргізіліп келеді. Осы маңызды құжат негізінде, Қазақстан ТМД елдерімен әртүрлі саяси-экономикалық байланыстарды дамытуда. Достастық мүшелерімен бірге қабылданған құжаттардың ішінде: «Ресей Федерациясы және Қазақстан Республикасы арасында бір-біріне көмек көрсету және ынтымақтастық, достық туралы келісім», және Өзбекстан, Тәжікстан, Армения, Азербайжан, Украина, Белоруссия, Молдова, Грузия, Қырғызстан, Түркменстан мемлекеттерімен достық және ынтымақтастық туралы келісімдерді атауға болады. Қазақ Республикасы көптеген ТМД басшыларының саммиттерінде саяси мәселелерді, проблемаларды шешуге белсенді қатысып келеді, бірақ,

соңғы кездегі көрші Ресейдің неоимпериялық саясат жүргізе бастағаны ТМД елдерінің қатынастарына белгілі кедергі жасап отырғаны байқалады.

Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясатында америкалық векторға ерекше орын беріледі, әсіресе Америка Құрама Штаттарымен қатынастар өте маңызды орын алады, өйткені әлемдегі оның рөлі есептелінеді. Ең басынан, Қазақстан мен АҚШ әріптестік қатынастарды дамытуға өздерінің дайындығын көрсетті. 90 жылдар мен 2000 жылдың басында Қазақстанның бірінші президенті Н. Назарбаев пен сол кездегі сыртқы істерін басқарған Қ. Тоқаевтың АҚШ-қа жасаған ресми сапарлары және сондағы екі жақты кездесулер саяси, инвестициялық-экономикалық, ғылыми және гуманитарлық-әлеуметтік салаларда екіжақты ынтымақтастықтың мықты негізін қалады. Ядролық қарусыздандыру саласындағы халықаралық ланкестікке күрес бойынша, сонымен қатар, ғылыми-техникалық және экологиялық өзара іс-қимыл саласындағы қазақстан-американ ынтымақтастығы жылдан-жылға кеңейтілуде. Осы жылдары АҚШ әкімшіліктері Қазақстанның тәуелсіздігіне, егемендігіне және аумақтық тұтастығына екі ел арасындағы стратегиялық әріптестікті дамытуға барлық бағыттар бойынша өзара тиімді әріптестікті кеңейтуге пейілді екендігін қуаттап келеді. Осыған дәлел ретінде, АҚШ президенті Дж. Буштың «АҚШ Орталық Азиядағы бірнеше – қауіпсіздік сауда, қоршаған орта және әлеуметтік салада көшбастаушы ретіндегі Қазақстанның маңызды рөл атқарып отырғанын мойындады» – деген мәлімдемесін келтіруге болады [2, 382 б.]. Сонымен қатар, 1995 жылы қойылған Қазақстан Республикасы мен Канада арасындағы өзара қатынастар принципі туралы декларация негізінде Қазақстанның халықаралық аренадағы және өңірдегі мүдделері Канадамен өзара тиімді ынтымақтастық ретінде жүзеге асырылып келеді. Латын Америкадағы: Бразилия, Чили, Аргентина, Мексика, Куба және басқа да елдерімен Қазақстанның екіжақты қатынастары сапалы жаңа деңгейде дамып келе жатқанын атап кетуге болады. Сонымен қатар, Латын Америка елдерімен Қазақстан өзінің қатынастарын халықаралық ұйымдар, БҰҰ жүйесі шеңберінде жүзеге асырып жатқанын атап кету керек.

Өзінің еуропалық векторында Қазақстанның сыртқы саясаты 1992 жылы Маастрих (Нидерланд) қаласында құрылған қазіргі уақытта 27 мемлекет кірген Еуроодақпен тығыз байланысты деп есептейді [4, 256 б.]. Қазақстанның Еуроодақпен ынтымақтастықтың

негізі болып, 1999 ж. күшіне енген және Қазақстан Республикасымен Еуроодақ арасындағы қатынастарды дамытудың құқықтық және институттық базасы болып табылатын Қазақстан Республикасымен ЕО арасындағы әріптестік және ынтымақтастық туралы жасалған келісім (ӘЫҚ) басшылыққа алынып тұрады. Аталып отырған ӘЫҚ шеңберінде құрылған жаңа ынтымақтастық институттары: Ынтымақтастық кеңесі, Ынтымақтастық комитеті және Парламентаралық комитеті өздерінің маңызды жұмыстарын атқарып отыр «Мысалы, осы жұмыстардың нәтижесінде, Еуроодақ Қазақстанға «нарықтық-экономикалық мемлекет» деген мәртебе берді. Еуроодаққа кіретін Батыс, Оңтүстік және Шығыс еуропалық мемлекеттермен қатынастарды Қазақстан олардың капиталы мен инвестициясын еліміздің экономикаларына тарту саясатын жүргізіп отыр.

Қазіргі әлемдегі геосаяси жағдайды байқасақ, Қазақстанның басты бағыттарының бірі азиялық вектор деп есептеуге толық негіз бар, Тәуелсіздік жылдары ең қарқынды экономиканы көрсетіп келе жатқан Қазақстанның басты әріптесі Қытай Халық Республикасы. КХР мен стратегиялық әріптестік пен жан-жақты іс қимылды дамыту, сөз жоқ, Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының басым бағыты болып табылады. Осы бағыттың негіздері Қазақстан президенттері: Н. Назарбаев және Қ. Тоқаевтың Қытайға жасаған көптеген ресми сапарлары арқылы қалыптасты. Қазіргі уақытта Қытай әлемнің 150 мемлекетімен ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойды солардың ішінде, белгілі орынды Қазақстан да алады [5]. Біздің еліміз Жапония, Индия, Пәкістан, Индонезия және басқа да ондаған мемлекеттермен саяси-экономикалық қатынастар туралы келісімдер бар. Азиялық векторды маңыздылығы туралы Қазақстан Республикасының президенті Қ. Тоқаев бұл құрлықта жершары халқының тең жартысы және әлемдік өндірісінің 38 пайызы орналасқанын дәлел ретінде келтіріп отыр [6].

Әрине, жоғарыда аталған сыртқы саясаттың ерекше бағыты, ол еліміздің тәуелсіздігін бірінші таныған Түркия Республикасы. Соңғы кезде, Түркия халықаралық аренада беделді аймақтық держава ретінде белгілі болып отыр. Осыған байланысты, Қазақстан мен Түркия қатынастары барлық деңгейдегі жоғарғы қарқынды байланыстармен сипатталады, оған дәлел ретінде, екі елдің арасындағы саяси, рухани және экономикалық қарым-қатынастарды келтіруге болады. Тілі, діні және ділі бір қазақ пен түрік

халықтарының көп саладағы байланыстары әріптестік пен қатар бауырластық қатынастар деңгейінде жылдан-жылға қарқынды дамып келеді. Сонымен қатар, Қазақстан, Түркия мен қатар ислам әлемінің көптеген мемлекеттерімен әріптестік қатынастарды әртүрлі деңгейде жүргізіп отырғанын атап кету керек.

Осы орайда Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатын Біріккен Ұлттар Ұйымы және басқа халықаралық ұйымдардың қолдап отырғаны белгілі жағдай. Бірақ, осындай саясатты жүргізуде Қазақстанның алдында бірқатар қиыншылықтар бар екенін атап кету керек, ол біздің еліміздің ТМД, ЕАЭО, ҰҚШҰ және ШЫҰ ұйымдарында болуы және көптеген жағдайда сол халықаралық ұйымдарға кіретін мемлекеттердің талаптарын орындауға мәжбүр екенін, әсіресе аталған ұйымдарға кіретін Ресей және Қытайдың ықпалымен есептесуге тура келіп тұрғанын атап кету керек.

Қалай болса да, Қазақстан кейбір халықаралық ұйымдардың, немесе ірі державалардың ықпалына төтеп беріп, өзінің халықаралық аренадағы ұтымды және пайдалы көпвекторлық сыртқы саясатын алдағы жылдарда да дамыта беруін дұрыс бағыт деп есептеуге болады. Мұндай саясат қазақстанның халықаралық субъект ретіндегі позициясын және рөлін нығайта беретіні анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Верт Н. История Советского государства. 1990-1991: Пер. с франц. – М.: Прогресс академия, 1995. – 544 с.

2 Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 5-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 688 бет.

3 Адамбеков Б.К. XX ғасырдағы Ресей империясы, Кеңес мемлекеті және ТМД тарихы: Оқу құралы. – Қарағанды: КарМУ баспасы, 2005. – 344 бет.

4 Ахметғалиев Б.Р., Жандаулетов В.А., 20 лет: Казахстан интеграция: Алматы, 2011. – 648 с.

5 Китайский взгляд. Аргументы и факты. 2021, 25 августа.

6 Тоқаев К.К. Шығыстың дамуы әлем назарында //Егемен Қазақстан, 2019, 4 қазан.